

Шығыс Қазақстан мәдениеті
•
Культура Восточного Казахстана
•
Eastern Kazakhstan culture



ЖАНЫ МЕН ЖАДЫ
ХАЛЫҚТЫҢ

ДУША И ПАМЯТЬ
НАРОДА

SOUL AND MEMORY
OF PEOPLE

ЕВРАЗИЯ ҚҰРЫЛЫҒЫ ОРТАСЫНДА

В ЦЕНТРЕ ЕВРАЗИЙСКОГО КОНТИНЕНТА

IN THE EURASIA CONTINENT CENTRE

Күдірет атты ғажап күш өз жерінде қатулы да қатал Батыс пен жалынды Шығыстың басын қосу атты ұлы міндет пешенесіне жазылған халықты дөңгеленген дүниенің дүрия бөліктерінің бір-бірімен қиылысар тұсына әкеп қоныстандырды. Бұл халықтың алтын бесігі – Байкөлден Каспийге дейінгі ұлан-ғайыр әлемді толтырып, толықсып жатқан көптеген тайпалардың аты аңызға айналған ата қонысы – ежелгі Алтай болды. Ал Шығыс Қазақстан болса өркениеттер тоқайласар осы бір алып жол торабының әрі Евразия далалары Ұлы белдеуінің орталығына айналды. Оның атақ-абыройы тек көз тартар көркем табиғатымен, ежелгі дүние ескерткіштерімен ғана асқақтап отырған жоқ, ол сонымен қатар мәдени-дүниетану құндылықтарымен де, тамырын тереңге тартқан халықтық дәстүрлерімен де даңқты.

Ертістің ен жағалаулары тарихи мұраларды өз қойнында әлі күнге дейін сақтап келеді. Қарауытқан қорғандар мен ежелгі қылқалам шеберлерінің «картина галереялары», ордалар орны, керуен тартқан ұлы жолдар сорабы, таңдайында өлеңнің ұясы бар халықтың эпикалық ауыз әдебиеті – осының барлығы да әлем мәдениеті сахнасындағы орасан да күрделі спектакльде алатын өзіндік орны бар бір-бір тұлға.

Адам өмірінде айшықты із қалдыратын тарихи тармақ болғандықтан мәдениетті «екінші табиғат» деп орынды атап жүр. Ол сонымен бірге адамның жүріп өткен жолына жарық нұр құйып тұратын алау, уақыт пен аумақты, ұрпақтар үрдісін байланыстырып тұратын алтын арқау да.

Уақыттың әр кезеңінде Евразияның ата қонысын мекен еткен өзге де тайпа, халықтармен көзге ілінбес жіптермен әдіптелген Ертіс өңірінің рухани мәдениеті өз дамуында ұзақ сонар жолдан өтіп, бүгінгі Шығыс руханиятының полиэтникалық әсем гүліндей ажарлана түсті.

Мәңгілік пен кемелдікке апарар жол ешқашан да орта тұсынан үзіліп қалмайтын болғандықтан мәдениеттің жалпыадамзаттық Ордасының қабырғасын қаласуға әр ұрпақ өзінше үлес қосты.

Шығыс Қазақстанның әсем табиғаты өзіне көз салған кез-келген адам атаулыны сұқтандырып, олардың жүрегінде шығармашылыққа, яғни, әуен мен сөзден, тас пен металдан, бояу мен батпақ, топырақтан өз әлемін жаратуға деген тартылыс күшін, талпынысын оятты.

Тау адырларының іжу-маржанды шанышылған ұшар басы, сарқырамалардың ақ боранды қайнары, гүлдердің оттай жанып жайнауы – оқырман «Шығыс Қазақстан» атты алғашқы кітапта осы бір сиқырлы көріністің сырына қанықса, «Беймәлім континенттің феномені» атты екінші кітапта осы өңірдің өнеркәсіптік мүмкіндіктерімен: жер қойнауы байлықтарымен, кәсіпорындар тынысымен және өлкенің барлық саласының еңбеккерлерімен танысты.



Ал оқырманға ұсынылып отырған бұл үшінші кітаптың мазмұндау реті тарихи болғанымен, ол көркемөнер тарихының оқулығы емес. Бүгінгі күнге дейін сақталып келген мәдениет пен көркемөнер ескерткіштеріне сүйене отырып жазылғанына қарамастан ол жай жолбасшы да емес.

Бұл — біздің де жердің кеңістігімен адымдай жүріп өткен Уақыт атты алыптың дүбірлі аяқ алысы, халықтар мен ұрпақтардың ортақ отбасы, руханият дамуы деп аталатын үздіксіз де үзіліссіз тізбекке жаңа буын жалғай отырып, мәдениетімізге нәр берген тұнық тұмалар туралы сыр шертетін кітап.

Оны шығарушы авторлар ұжымы оқырманның бізбен бірге бір дәуірден екіншісіне сапар шеге отыра кешегі өткеніміз бен бүгінгі жеткенімізді санасына салып саралап, тіршілік тұмаларынан нәр аларына, өз өлкесін тағы бір қырынан танырына және әлем мәдениетінің танымдық тарихына алтын беттер жазып кеткен жандардың есімдеріне қанық боларына сенеді.

На географическом перекрестке частей мира провидению было угодно поселить народ, которому суждено было объединить на своей земле сдержанный Запад, чувственный и пламенный Восток. Его колыбелью стал древний Алтай — легендарная прародина многих племен, заполнивших огромное пространство от Байкала до Каспия. Восточный Казахстан — сердцевина этого гигантского континента цивилизаций, центр Великого пояса Евразийских степей. Он славен не только чудной красотой природы и памятниками древности, но и культурно-мировоззренческими ценностями, народными традициями, имеющими глубинные исторические корни.

Многие тайны исторического наследия все еще хранит земля Прииртышья. Но уже изведаны, открыты многочисленные курганы, «картинные галереи» первобытных художников, изучены многовековые храмы и прочитаны древние письмена, известны караванные тропы великих дорог, знакомы эпические полотна устного народного творчества. А все это — «действующие лица» грандиозного спектакля, срежиссированного историей мировой культуры.

Культуру оправданно называют «второй природой», ибо это сфера деятельности человека, где он оставляет свой самый значимый, осязаемый след. Это — факел, освещающий путь, пройденный человечеством, но это и самая прочная связующая нить времен, территорий и поколений.

Пройдя долгий и сложный путь в своем развитии, духовная культура жителей Прииртышья, переплетенная незримыми нитями со множеством других племен и народов, населявших в разные времена евразийское пространство, расцвела ныне пышным полиэтническим цветком в современном Восточном Казахстане.

Каждое поколение вносило и вносит свой духовный вклад в строительство общечеловеческого Храма Культуры, потому и путь к вечному и совершенному никогда не кончается.

Во все времена прекрасная природа Восточного Казахстана, завораживая созерцающего ее, пробуждала в сердцах людей неодолимую тягу к творчеству, собственному сотворению мира из мелодий и слов, из красок, глины и дерева, камня и металла.

Вздыбленные к небу жемчужные горные кряжи, буранная кипень водопадов, огненные разливы цветов и золото степных просторов, изумрудная зелень лугов — это волшебство, о котором читатель узнал из первой книги «Восточный Казахстан». Книга «Феномен неизвестного континента» продолжила и расширила знакомство с краем, его промышленным потенциалом: богатствами недр, предприятиями, талантливыми людьми. Предлагаемая читателю третья книга «Культура» меньше всего напоминает учебное пособие по истории искусства, хотя порядок изложения в ней последовательно историчен. Это и не путеводитель по примечательным местам, хотя она почти целиком опирается на сохранившиеся до нашего времени памятники культуры и искусства.

Это книга о великой поступи Времени по просторам нашей земли, о семье народов и единении поколений, об источниках, которые питали корни культуры, прибавляя все новые звенья к бесконечной цепи, называемой эволюцией духовности.





Авторский коллектив надеется, что читатель, вступая в «живое общение» с прошлым и настоящим, прикоснется к живительным родникам, откроет для себя свою страну и имена тех, кто вписал золотые страницы в историю мировой культуры.

At the intersection of the parts of the world the Providence settled the nation who was destined to unite the severe West and the ardent East on its land. The ancient Altai, a legendary fore-motherland for many tribes from Lake Baikal to the Caspian Sea, became its cradle. Eastern Kazakhstan is the centre of the gigantic civilizations intersection, the centre of the Eurasian steppes Great Belt. It is famous not only for its wonderful nature beauty and antiquity monuments, but for its culture and attitude values and folk traditions deeply rooted in the history.

The Priirtyshye land still keeps the history heritage secrets. The barrows, ancient artists' «picture galleries», temple ruins, caravan paths of the great roads, folk art epic canvases are all the 'characters' of a grandiose performance - the world culture history.

The culture is justly called 'the second nature', as it is the human activity sphere where he leaves the most significant trace in his history. It is a torch which lights up the way passed by mankind, and it is the strongest thread binding times, territories and generations together.

Having passed an infinitely long development way, the Priirtyshye spiritual culture, that is invisibly tied with many other tribes and people who inhabited their Eurasian fore-motherland at different periods, has got into blossom with its magnificent poly-ethnic flower of the today's Eastern Kazakhstan spirituality.

Every generation contributed greatly to the mankind Culture Temple construction because there is no end of the way to the Eternal and the Perfect.

At all times Eastern Kazakhstan nature, enchanting anyone, aroused in people's hearts irresistible striving for creative work, for construction of their own world of tunes and lyrics, paints, clay and wood, stone and metal.

The pearly reared-up mountain ridges, the snowstorm-like waterfall boiling, the flame-coloured flower flood make up the magic world our reader has learnt about from the first book «Eastern Kazakhstan». The second book «The Unknown Continent Phenomenon» has introduced the region's industrial potential: natural resources, enterprises and people. The third book offered to the reader is not a textbook on art history, though the narration has a successive historic order. Neither is it an ancient monuments guide-book, despite its being completely based on the art and culture monuments preserved till nowadays.

This book is about a great stalk of the Time through our vast land, about a single family of peoples and generations, about the sources that fed the culture roots adding more and more new links to the endless spiritual evolution chain.

The book authors hope that the reader will begin a 'live intercourse' with the Past and the Present, touch the vivifying springs, discover for himself his country and the names of those who added the golden pages to the world culture history.